

**Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 2022 жылға арналған жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 4 сәуірдегі № 288 қаулысы. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 691 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 05.12.2022 № 691 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қылмыстық-атқару кодексінің" 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабының 7), 8) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 14-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығын анайыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес, Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік түріне және меншіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарда жұмыс орындары квота белгіленсін:

1) Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін квота осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін;

2) Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Тарбағатай ауданы әкімдігінің мынадай қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 26 сәуірдегі № 430 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8714 болып тіркелген);

2) Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 15 сәуірдегі №347 "Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8655 болып тіркелген) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Сабырбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*А. Смаилов*

Аудан әкімдігінің  
2022 жылғы "04" сәуірдегі  
№288 қаулысына  
№ 1 қосымша

**Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота**

№ р/н	Ұйымның, кәсіпорынның, мекеменің атауы	Жұмыскерлер саны	Квота мөлшері (% ұйым жұмыскер-лерінің тізімдік санынан)	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы
-------	--	------------------	--	---

				азаматтар үшін жұмыс орындарының квотасы
1	Тарбағатай аудандық ауруханасы шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	203	1	2
2	Тарбағатай аудандық ауданаралық ауруханасы шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	223	1	2
3	"Аудандық білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі	35	1	1

Аудан әкімдігінің  
2022 жылғы "04" сәуірдегі  
№ 288 қаулысына  
№ 2 қосымша

**Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота**

№ р/н	Ұйымның, кәсіпорынның, мекеменің атауы	Жұмыскерлер саны	Квота мөлшері (% ұйым жұмыскер-лерінің тізімдік санынан)	Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру мекемелерінен босатылған тұлғалар үшін жұмыс орындарының квотасы
1	Тарбағатай ауданы әкімдігінің шаруашылық есебіндегі "Ақсуат"	100		1

	мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны		1	
2	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Айзат Құрылыс"	100	1	1
3	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "ПМК Құрылыс"	100	1	1
4	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Рыбаки Зайсана"	100	1	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК